

отвечает требованиям толерантности («информационные войны» и т.п.).

Принцип толерантности для Казахстана – не только норма политической культуры, но и государственный принцип. Сам факт проведения саммита ОБСЕ в Астане спустя 11 лет после последнего форума организации также свидетельствует о том, что Казахстану удалось убедить своих партнеров на Востоке и Западе, что альтернативы сотрудничеству и равноправному партнерству как во внутренних, так и во внешних делах не существует.

Таким образом, культура толерантности в Казахстане стала залогом стабильности в условиях модернизации казахстанского общества, а ее дальнейшее развитие остается постоянной и важной задачей государства и всех гражданских институтов.

1. Назарбаев Н.А. *Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. – 1997. – 11 октября. – С.6.*

2. Конституция Республики Казахстан. 30

августа 1995года. Официальный текст. – С.4.

3. Религия: Правила толерантности. Формирование культуры толерантности и религиозной терпимости стало актуальной проблемой нового века // *Казахстанская правда. – 2006.-15 марта. – С.3-4.*

4. Гаджиев К.С. Введение в геополитику. - М.: Логос, 1998. - С. 396.

5. «Состояние и перспективы гражданского общества в Республике Казахстан» (результаты социологического исследования, проведенного КИСИ при Президенте Республики Казахстан в 2010 году). – Алматы, 2010.

6. Дьяченко С.А. Общественная палата – фундамент гражданских инициатив // *Казахстанский путь политического реформирования: сборник материалов «круглого стола»-12 декабря 2007 г. – Алматы: КИСИ при Президенте РК. 2008. – С. 18-25.*

\*\*\*

Бұл мақалада толеранттылықтың мәдениеті Қазақстандағы саяси тұрақтылықтың факторы ретінде сарапталады.

\*\*\*

This article is devoted to analysis of tolerance culture as a factor of political stability in the Republic of Kazakhstan.

**М.Ө. Насимов**

## САЯСИ КОНСАЛТИНГ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ

Жалпы саяси консалтинг терең зерттеуді қажет ететін жаңадан қалыптасып жатқан қызғылықты ғылым және кәсіптің түрі. Ол жоғары мемлекеттік шендерге жетуге ұмтылған азаматтар үшін кеңес беретін мамандарды дайындау технологияларын зерттеп қана қоймай, өзіндік кеңес беру әдіс-амалдарын қалыптастырады. Сондықтан кәсіби саяси кеңесшілердің қоғам алдындағы жауапкершілігі мол екендігін білгеніміз абзал.

Қазіргі қоғамдағы билік саяси кеңесшілердің қолында тұрғаны белгілі. Бүгінде көптеген елдердің Президент әкімшілігі, министрлер кабинеті мен саяси партиялар штабында осы мамандардың қажеттілігі байқалуда. Олардың негізгі жұмысы ағымдағы оқиғаларды талдау, оның дамуындағы мүмкін болған шараларды жүйелеу, ықпал етуге бағытталған ұсыныстар дайындауда жатыр. Қазіргі ақпараттық заманда саяси кеңес беру арқылы саясаткерлер өз қимылдарын жүргізетіні анық.

Саяси консалтингтың тарихи бастауының қайнар көзі тереңде жатыр. Ежелгі дүниеде саяси кеңесшілер қызметін бақсылар, абыздар,

жұлдызшылар, философтар, шешендер [1] атқарса, қазақ қоғамындағы ақындар мен жыраулардың рөлі туралы ерекше атауымызға болады.

Діни сенімдерге сәйкес, бақсылар жоғары күштер мен рухпен байланыс орната алатын ерекше адамдар. Бұл ұғым әлемнің барлық тілдерінде кең тараған. Жазушы Ж. Дәуренбеков пен ғалым Е. Тұрсыновтың құрастыруындағы «Қазақ бақсы-балгерлері» атты жинақта: «Ол – рухани күш беруші, эзезәлді аластаушы, ажалдан арашалап қалатын емші, ертеңінді болжап айтушы, сәуегей, бұлт шақырып, жауын жаудыратын күш иесі, көңілді әуенмен арбайтын сыршыл әуезші, көз алдында ғажайыптар жасайтын сиқыршы, арбаушы...» [2], – деп жазған болатын.

Абыздар ежелгі өркениеттердегі табиғи құбылыстарды зерттеуші адамдар тобы. Олар ежелде адамдардың құдайлар мен рух әлемі арасындағы арашалаушы ретінде танылды. Өзінің қоғамдағы орны арқылы қазіргі дәрігерлер, ғалымдар, заңгерлер, философтар секілді бағаланды. Абыздар кейін қалыптасқан

буддизм, христиандық, ислам сияқты әлемдік діндердегі дін басыларының рөлін атқарғаны белгілі. Бүгінде олардың қоғамдық белгілері Африка, Оңтүстік Америка мен Мұхиттық аралдардағы кейбір алғашқы қауымдық халықтарда әлі де сақталған. Жалпы бұл ұғым ескі славян тіліндегі «жрѣти» - «құрбандық шалу» түсінігімен байланысты. Кейбір нұсқаларда орыстың «жрец» сөзімен байланыстырылып, алғашқы Ж әрпі өмір (жизнь) және сөз (речь) қосымшасымен айтылады. Демек, бұл өмір туралы ілім деген мағынадағы «өмір сөзі» ұғымымен тығыз байланысты. Сондықтан бұл сөздің негізгі мәні діннің дамуына сай келеді.

Астрология (ежелгі гректің ἄστρον - жұлдыз,

және λόγος - ой, ілім) аспан денелерінің жер мен адамға ықпал етуін дәстүрлер мен сенімдер арқылы айқындайтын жүйелер тобы. Аспан денелерінің адам темпераменті, мінез-құлқы, іс-әрекеттер мен келешегіне әсер ететін құбылыстарды анықтайтын ғылым. Ал осы астрологиямен тәжірибеде айналысатын тұлғаны астрологтар деп атайды. Қарапайым тілде айтсақ, жұлдызшылар. Бұл азаматтардың кеңесіне әлі де сүйенетін азаматтар көптеп кездеседі. Бүгінде жұлдыз-жорамал бойынша өз қимылдарын жүргізетін адамзат өкілдері өте көп.

Философтар даналықты сүйетін, білімді құрметтейтін, ақиқатқа ұмтылушы жандар. Осы себептерге байланысты, дүниеге келген әрбір адам өз өмірінде ақиқат ізденісінде жүретіні анық. Ал ежелгі дүние көзқарастарында әрбір адам - философ. Ал нағыз философ дүниетаным мәселелерін қарастыратын тәжірибелі ойшыл.

Шешендер сөйлеу өнерін терең меңгерген құрметті тұлға. Шешендердің рөлі өз заманында демократиялық қоғамның негізгі даналары есептеліп, қазіргі кезеңдегі саясаткерлер мен бизнесмендер секілді саналды. Шешендік барлық мәдениетте болғанмен, оның кәсіби ерекшеліктері ашық саясат жүргізілген Ежелгі Грецияның демократиялық елдерінде мүмкін болды. Міне, осы кезеңде арнайы шешендік өнер туралы арнайы ғылым – риторика қалыптасып, оны үйретуші мұғалім ритор институты орын алды. Олар сол кезеңдегі саяси сахнаның негізгі өкілдері саналды. Шешендердің қазақ мәдениетіндегі орны ерекше екендігін атап кеткеніміз жөн. Бүгінгі күнде визуалды мәдениеттегі орны болмаса да, саяси саладан ығыстырылса да, шешендік өнер технологияларын игеру қазіргі заманның лидеріне қажетті негізгі қасиет деп танымыз.

Ақын – Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтар арасындағы ерекше қасиетті дарын

иесі. Қазақ халқының өмір салтына ықпал еткен ақындар қатарына Жаяу Мұса Байжанов, Маханбет Өтемісов, Шернияз Жарылқасов, Сүйінбай Аронұыл, Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаевты жатқызамыз. Өз заманында ақындар қоғамда болып жатқан кез келген құбылыстарға көзқарастарын шығармашылығы арқылы білдірумен қатар, хан ордаларында кеңесшілер қызметін де атқарды. Мәселен, «Бес ғасыр жырлайды» кітабында мынадай деректер кездеседі: «Керей, Жәнібек хандардың ақылшы биі болған Асан қазақ руларының орда көтеруін жақтайды, қазақтар Шу, Сарысу бойына орналасқан соң ел іргесі берік, ағайын ұжымы күшті болуын үндейді. Өз өлең, толғауларында хандық үкіметті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайды. Жәнібек ханды табысқа мастанбауға, елдің түбегейлі болашағын ойлауға шақырады. Феодалдық қоғамдағы әдет-ғұрып, мінез-құлық мәселелерін көтереді. Өзінің ақындық күшін туыстас руларды бір орталықты, қуатты мемлекет етіп ұйыстыру жолына арнайды. Біздің заманымызға жеткен толғауларынан Асанның қилы кезең табиғатын жыға танығаны, тіпті Алтын Орданың орнында пайда болған хандықтардың бәрінің құрып бітетініне дейін болжай алғаны көрінеді» [3].

Ақындық тәрбиенің мектебі және ақындардың ең негізгі ықпал ету құралы айтыс болғаны белгілі. Қазақтың ауыз әдебиетінің дәстүрлі түрлерінің бірі, қазақ ақындарының жүйріктігін байқататын бұл сайыста халық батырлығы, елге сүйіспеншілік пен қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік сөз етіліп отырған. Жалпы айтыс қазақтан басқа араб көшпенділерінің тайпалары мен түркі тілдес қандас елдердің көпшілігінде, Үндістан халықтарында да бар.

Ертедегі қазақ қоғамында жыраулар да ерекше қызмет атқарған. Мәселен, Қазтуған жырау өмір туралы, атамекен, туған ел мен әскери тақырыптағы туындылар жазса, Доспанбет жырау шығармаларында көшпенді жауынгерлердің бейнелік тұлғасы, батырлық кейпі көрінеді. Жорық жыршысы болған Марғасқа жырау Есім ханның бір орталыққа біріккен мықты феодалдық мемлекет құру идеяларының ұраншысы қызметін атқарса, шонжарлар тұқымынан шыққан Жиёмбет жырау хан үкіметіне қарсы болады. Ақтамберді толғауларында атқа қонуды, ойраттарға қарсы соққы беруге, жұртшылықты ерлікке үндеп, қарсы келген жауға қорықпай шабу туралы кеңес беріледі.

Өз заманының үздік кеңесшісі Бұқар жырау қалың қазақтың рухани талабына қызмет етті. Ол адалдыққа, адамгершілікке, ерлікке, бірлікке шақырып, күнделікті өмірдің мерейлі де шуақты

қағидаларын сақтауға кеңес берді. Сонымен бірге, Абылай ханның саяси имиджін қалыптастыру, оның өткен өмірі жайлы жырлаумен қатар, оның саяси кеңесшісі бола білген. Оның бір жырында бейбітшілікті үндейтін кеңес беру сөздерін байқау қиынға соқпасы анық:

Абылай ханның қасында  
Бұқарекен жырлайды.  
Жырлағанда не дейді?  
Соғыспа деп жырлайды... [4].

Жалпы қазақ жыраулары хан ордаларында жүріп, мемлекет басқару ісіне тығыз араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа ақыл-өсиет айтқан, болашақты болжап, істің жөнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгөй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп жыр айтқан. Соғыс кезінде жыраулар ханның әскери кеңесіне қатысып, жауынгерлердің рухын көтеріп отырған. Ақындардай емес, олар тайпалар шежіресін аса жақсы білген, батырлық эпос пен тарихы жырларды орындаған. Жаумен қиян-кескі ұрыс басталар алдында жауынгерлердің рухын көтеріп жыр төккен жыраулардың шығармаларына өсиет және жорық сарындары тән [5].

Кеңес беру мамандығының атасы – ұлы Конфуций деп атап көрсететіндер де кездеседі [6]. Конфуций Қытайдың ежелгі ойшылы әрі философы. Оның ілімі Қытай мен Шығыс Азияның өміріне терең ықпал етіп, бәрімізге танымал конфуцийшілдік философиялық жүйесінің негізін қалады. Ол 20 жасында-ақ Аспан асты елінің бірінші тәжірибелі ұстазы ретінде танылды. Өз ілімдерін шәкірттеріне жеткізу арқылы халықтың дүниетанымдық көзқарастарына ықпал ете алды. Демек, әр ұстаздың бойында кеңес берушінің қасиеті болатыны анық.

Саяси кеңес берудің Батыстағы бастауға ортағасырлық саяси философ Никколо Макиавеллидің есімімен байланысты. Ол XVI ғ. басындағы Флоренцияда мемлекеттік хатшы қызметін атқарған болатын. Оның 1532 жылы жарық көрген «Тақсыр» еңбегі саяси билік пен оны бекіту әдістері мәселелеріне арналды. Макиавелли мықты мемлекеттік биліктің жақтасы ретінде түрлі әдістерді қолдану қажеттілігі туралы баяндады. Осы әдіс негізінде «саяси реализм» ұғымын қалыптастырып, «мақсат құралдарды ақтайды» түсінігін ендірді. Осы түсінік бойынша мақсатқа жетудің екі түрі бар: заң жолы және зорлық-зомбылық жолы. Бірінші тәсіл – адамзат құндылықтарына сай келсе, екіншісі – жабайы жануарлар қимылы. Оның ойынша, басқарушылар осы екі тәсілді де тиімді пайдалана білуі қажет [7].

Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша,

нағыз саяси консалтинг Американың саяси жүйесі қалыптаса бастаған XVIII ғ. екінші жартысында АҚШ-та пайда болды. Ресей ғалымдары Е.Н. Беляков, С.В. Устинкин 1758 жылғы Вирджиния штатының колониалды Ассамблеясы сайлауында Джордж Вашингтон кеңесшілері алғашқы саяси консалтинг мамандары ретінде санайды [8].

Ал Ресей ғалымы О.П. Березкинаның ойынша, 1787 жылы ел Конституциясын ратификациялауға арналған науқан Америка Құрама Штаттарындағы бірінші саяси компания саналады. Ал, саяси кеңесшінің көмегіне американдық президенттер арасында ең алғаш жүгінген Томас Джефферсон. Ол 1796 жылы АҚШ тарихындағы бірінші «медиаблиц» саналатын 30 мың бюллетень мен бірнеше мың жарнамалық парақшаларды Пенсильвания штатында таралуы үшін Джон Берклиді жалдады. Ол тәжірибелі саяси кеңесші болмаса да, тәжірибе жүзінде өз мамандығын игере бастады. Нәтижесінде 1801 жылы АҚШ Президентінің кезекті сайлауында Т. Джефферсонды жеңіске жеткізді [9].

XX ғасырдағы жаңа саяси технологияларды қолданудағы лидерлер қатарында Э. Бернейс еді. Ол университетте қоғаммен байланыс негіздерін жүргізіп, саяси науқандарда қоғамдық пікір сауалнамаларын жүргізу идеясын енгізді. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында ол үгіт-насихатқа жауап беретін комитетте қызмет атқарды. «Агрессивті коммуникациялар» мектебінен өткен көп азаматтар өз білімін бейбіт өмірде қолданудағы мүмкіндіктері мол еді. Өзінің «Қоғамдық пікірдің кристалдануы» атты еңбегінде алғаш рет «қоғамдық қатынастар жөніндегі кеңес» (ағыл. «counsel on public relations», ор. «совет по общественным отношениям») терминінің мәртебесін жоғарылатты [9, 4-5 бб.].

Жалпы Қазақстан Республикасындағы саяси консалтинг қоғамдық қатынастардың жалпы жүйесіндегі қызмет саласы ретінде алдыңғы қатарда. Оның нарықтық құрылымы қалыптасып, дамуындағы негізгі тенденциялар айқындалды. Еліміздегі демократиялық процестердің дамуы бұл кәсіптің қоғам мен билік арасындағы кері байланыс орнатудағы қажеттілігін көрсетеді.

1. Матвейчев О.А. Что такое политический консалтинг? – Екатеринбург, 1998. – С. 30.

2. Қазақ бақсы-балгерлері: / Құрастырған Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 4 б.

3. Бес ғасыр жырлайды / Құрастырушылар: М.Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. -

Т.1. - 8 б.

4. Абылай хан / Құраст. С. Дәуіт. - Алматы: Жазушы, 1993. - 35 б.

5. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. - Алматы: Жазушы, 1976. - 158-159 бб.

6. Туретт-Туржи К. Консалтинг / Пер. с франц. под ред. Л.Л. Никитиной. - СПб.: «Нева», 2004. - С. 7.

7. Макивелли Н. Государь. - М., 2006. - 176 с.

8. Беляков Е.Н., Устинкин С.В. Политический

консалтинг. - Н. Новгород, 2003. - С. 27.

9. Березкина О.П. Политический консалтинг. - М.: Академия, 2008. - С. 4.

\*\*\*

В данной статье исследуется история возникновения политического консалтинга.

\*\*\*

In given article the history of occurrence of political consulting is investigated.

**Б. Исабаев**

## ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ В ОБЛАСТИ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Информационные потоки пронизывают все сферы жизни человечества и играют все нарастающую роль в условиях глобализации мирового сообщества. Развитие и распространение информационно-коммуникационных технологий, их проникновение практически во все сферы жизнедеятельности, с одной стороны, являются важным фактором мировой интеграции, социального развития и экономического роста, с другой стороны, являясь сильнейшим катализатором информационного обмена, эти технологии несут в себе также множество как явных, так и скрытых угроз: «угроза со стороны СМИ для общественного благополучия, морального здоровья, национальной безопасности, становится в третьем тысячелетии одним из основных вызовов, возникших перед мировым сообществом» [1].

Необычайную значимость в связи с этим приобретают вопросы обеспечения информационной безопасности. Существует мнение, что информационная безопасность в современном постиндустриальном мире, где основным товаром является информация, и именно та или другая информация влияет на принятие государством тактических и стратегических решений, является основой национальной безопасности.

Под информационной безопасностью понимается защищенность информации и поддерживающей инфраструктуры от случайных или преднамеренных воздействий естественного или искусственного характера, которые могут нанести неприемлемый ущерб субъектам информационных отношений, в том числе владельцам и пользователям информации и поддерживающей инфраструктуры.

Актуализация проблемы защиты информационного пространства и его влияния на

информационную безопасность непосредственно связана с существующими реальными и потенциальными угрозами и вызовами безопасности государства, уровень и масштабы которых в последнее десятилетие существенно возросли и приобрели весьма опасный характер. Исходя из того, что информационная безопасность на рубеже третьего тысячелетия выходит на первое место в системе национальной безопасности, формирование и проведение единой государственной политики в этой сфере приобретает приоритетное значение.

Государство занимает особое место, как среди субъектов государственной информационной политики, так и среди субъектов обеспечения информационной безопасности, поскольку оно обладает уникальными средствами и силами противодействия угрозам в данной сфере. Свою деятельность государство осуществляет совместно с индивидами и обществом, но при этом влияние государства на обеспечение безопасности является определяющим.

Все органы государства в той или иной мере участвуют в деятельности по обеспечению информационной безопасности. Однако их компетенция и предметы ведения в данной сфере деятельности различны, в зависимости от целей и задач, стоящих перед этими органами.

Учитывая, что информационные системы и информационные ресурсы создаются и используются всеми органами государства, в системе обеспечения информационной безопасности особую роль играют те органы государства, которые выполняют руководящие и координирующие роли, от оптимального определения компетенции которых в существенной степени зависит информационная безопасность страны.

Общая структура государственной системы